

ӘОЖ 372.853

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Ендибай Медет Ерболұлы

d2.medet.d2elac@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Нұр-сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.И. Темиркулова

Қазіргі әлем даму қарқынының жеделдеуімен, білім экономикасына көшуімен, әлеуметтік және табиғи мәселелердің жаһандық сипатымен, қоғамды демократияландыру мен цифрландырумен сипатталады. Әлемдік даму тенденциялары көптеген елдерде болып жатқан білім беру жүйесін реформалау және жаңғырту қажеттілігіне әкеледі. Дәстүрлі білім беру жүйесінің дағдарысы жаһандық әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер мен қазіргі формадағы білім берудің жаңа міндеттерге жауап беру қабілеті арасындағы объективті түрде қалыптасқан қарама-қайшылықтардың нәтижесі болды. Қазір бізге білім беруді ізгілендіру, демократияландыру, интеграциялау, стандарттау, ақпараттандыру, технологияландыру және оның сабақтастығы сипатталатын жаңа білім беру жүйесі – «инновациялық білім беру» қажет. Мұндай білім беру оқушыларда болашақты проактивті түрде анықтау қабілетін, оған жауапкершілікті, өзіне және қабілеттеріне сенімін қалыптастыруға, бейтаныс жағдайларда алған білімін қолдана алуға яғни функционалдық сауаттылыққа бағытталған.

Білім өз иесіне әлемдік, ұлттық және аймақтық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуі керек, технологияның өзгеруі күрделірек кәсіптер мен жаңа кәсіптердің пайда болуына әкеледі және бұл жұмыс күшінің сапасына қойылатын талаптардың өзгеруімен қатар жүреді. Адам өмір бойы өзінің кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруға, тез өзгертін өмір жағдайларында қайта даярлауға қабілетті болуы керек. Яғни заманауи адам функционалды сауатты болуы керек. Дәл осы дағды адамға алған білімін қолдана отырып, белгілі бір жағдайларда салыстыруға, бейімделуге және дұрыс әрекет етуге мүмкіндік береді.

4К концепциясы (шығармашылық, сыни ойлау, ынтымақтастық және қарым-қатынас) кез келген салада табысқа жетуге көмектесетін төрт дағды 1950 жылдары АҚШ-та пайда

болды. Жоғары нәтижеге жету үшін оқушыларға механизмдерді мүлтіксіз меңгеріп, еңбекке қажетті қарапайым дағдылар hard skills дамыту жеткіліксіз. Әріптестермен және басқа да адамдармен өзара әрекеттесу мүмкіндігі бірдей маңызды. Оларды жұмсақ немесе қосымша дағдылар – soft skills деп те атайды. Оқушыларда 4К-ны (сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық) қалыптастыру негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.


Біздің ойымызша оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық тапсырмалар мен зерттеу тапсырмалары ұсынылады, өйткені оқушыларға оларды шешу алгоритмі белгісіз болғандықтан бұл оқушыға сыни тұрғыдан және шығармашылық тұрғыдан ойлауға түрткі болады. Өз кезегінде шығармашылық тапсырмаларды жүйелі түрде орындау оқушыларда сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға әкеледі. Ал оқушыларда қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын дамыту үшін оқушыларға тапсырманы жүйелі және топпен бірлесе отырып орындауға беру керек. Өйткені мұндай жағдай оқушыларға ортақ мақсатқа жету үшін ынтымақтастықта болуға және бір-бірімен тіл табысып жақсы қарым-қатынаста болуға түрткі болады.

Мұғалім оқушыларды оқытқанда білім ортасын құруы керек. Ол білім ортасы оқушыларға қалай оқу керек екенін үйренетіндей орта болуы қажет. Сондықтан біз сабақты жоспарлаған кездегі алатын тәсілдеріміз, тапсырмаларымыз, бағалау тәсілдері барлығы оқушыларды қалай оқу керек екенін үйренетуге ықпал жасауы керек. [1] Ол мұғалімнің біліктілігіне байланысты. Зерттеу нәтижелері бойынша оқушылар алған ақпараттың қанша пайызын есте сақтайтыны 1-суретте көрсетілген. Нәтижелерге сәйкес алынған ақпаратты есте сақтаудың ең тиімді тәсілі «Өзгелерді оқыту» болып табылады. Сондықтан мұғалім сабақ жоспарын жасағанда балалар бір-бірін оқытатын, болжау жасайтын, көмектесетін жағдайларды қарастыруы және оқушылар тапсырманы орындағанда тиімді тәсілдерді қарастыратын, аргументтерді жасайтын, дәлелдемені дәлелдейтін танымдық орта құруы керек.



Сурет 1 – Оқу пирамидасы [1].

Оқушының қалай оқу керектігін үйренуде ол өзіне мақсат қою үшін ішкі уәжді тудыру маңызды болып табылады. Чиксентмихайи идеясы қазіргі кезде тәжірибеде кең таралған және оны мұғалімдер көп қолданады. Мұғалімдер сыныпта сабақты жоспарлап өткізгенде әртүрлі тәсілдерді, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды және оның ішінде күрделі тапсырманы да қолданады. Себебі балалардың әртүрлі жоғары деңгейде ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ету қажет. Күрделі есептерді орындау үшін оқушыларға қандай да бір қажетті дағдылар керек. Осы дағдыларды оқушыларда қалыптастырып және сол дағдыларға сәйкес оқушыларға тапсырма берілуі тиіс.



Сурет 2 – Оқушыларда «өзіндік мақсатты» қалыптастыруға арналған жағдайлар [2].

Ағындық сезімдердің көптеген түрлерін біріктіретін бір жалпы сипаттамасы бар. Бұлардың барлығы да адамды өзі әлі зерттеп көрмеген жаңа шындыққа көшіреді, оны ілкімділік рухына толтырады, қабілетінің көкжиегін кеңейтеді. Басқаша айтқанда, олар тұлғаны өзгертіп, оны күрделірек етеді. Тұлғаның дамуында ағымдық әрекеттің мәнін түсінудің кілті жатыр. 2-суретте неге бұлай болатынын түсіндіреді. Оның осьтерінде дағдылардың даму деңгейлері мен тапсырмалардың күрделілігі сызылған. А әрпі тапсырма орындап үйреніп жатқан оқушыны білдіреді. Ол диаграммада төрт уақыт нүктесінде бейнеленген. Тапсырманы орындап бастаған кезде оқушының іс жүзінде ешқандай дағдылары жоқ (A1). Оған тек белгілі бір көрсетілген алгоритм арқылы есепті шығаруы керек. Бұл, жалпы алғанда, оқушы үшін қиын емес тапсырма, бірақ оқушы үлкен қуанышпен тапсырманы орындайды. Өйткені, тапсырманың күрделілік деңгейі оның қарапайым дағдыларына сәйкес келеді. Сондықтан бұл деңгейде ол ағын сезімін сезінуі мүмкін.

Уақыт өте ол тапсырмаларды орындауды жалғастыра берсе, оның есептерді шешу дағдылары жақсарады. Оны енді тек белгілі бір алгоритммен немесе формуламен шешілетін тапсырмалар жалықтырады (A2). Мүмкін ол бір күні мұғалімінен күрделірек тапсырмаларды орындауға алатын шығар. Осы кезде (A3) ол тапсырманы дұрыс орындамағаны үшін алаңдайды.

Жалқаулық та, алаңдаушылық та жағымды күй емес болғандықтан, оқушы қайтадан ағынды сезінгісі келеді. Бұған қалай қол жеткізуге болады? Суреттен байқауға болады, егер ол жалықса (A2) және қайтадан ағынға түскісі келсе, оның бір ғана жолы бар - орындалатын тапсырмалардың күрделілігін арттыру. Күрделі тапсырманы орындау сияқты дағды деңгейіне сәйкес келетін жаңа, қиынырақ мақсат қою арқылы оқушы қайтадан ағынға түседі (A4).

Егер ол қобалжыса (A3), ағымдық күйге оралу үшін ол өз дағдыларын одан әрі жетілдіру керек.

A4 күйін A1-ге қарағанда «озық» деп санауға болады, себебі ол күрделірек тапсырмаларды қамтиды және оқушыдан көбірек шеберлікті талап етеді. Дегенмен, A4 күйі, ол күрделілігімен мен әкелетін қуанышына қарамастан, тұрақты емес. Оқушы тапсырмаларды орындауды жалғастыра берсе, ол жаңалығын жоғалтқан тапсырмаларға байланысты зерігумен немесе салыстырмалы түрде әлсіз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға байланысты алаңдаушылық пен көңілсіздікке тап болады. Көңілін көтеруге деген ұмтылыс оны қайтадан күрделілігі A4-тен жоғары деңгейдегі ағынға итермелейді [2].

Ағын, немесе ағын күйі – адамның іс-әрекет процесіне толық қатысуымен және жетістікке бағдарлануымен сипатталатын өзінің істеп жатқан ісіне толық қатысатын күйі. Оқушы ағында болу үшін:

- Оқушыға өз білім деңгейіне, қабілеттеріне, дағдыларына сай тапсырмалар берілу керек.

- Оқушының тапсырманы орындаудағы зейінділігінің жоғары болуы керек. Ал оқушының зейіні жоғары болуы үшін тапсырма оқушыға қызықты және белгілі бір жаңалыққа ие болуы керек. Сондықтан оқушыларға тапсырма ретінде шығармашылық тапсырмаларды орындауға беруді ұсынамыз.

Әдетте сыныпта орташа оқушылармен жұмыс істелінеді. Күшті де, әлсіз де ұстаздың назарынан жиі тыс қалады. Бұған жол бермеу үшін сыныпты топтағы оқушылар оқу үлгерімдері бірдей болатындай етіп 3 топқа бөлеміз (егер сыныпта 12-13 оқушы болса 3-ке бөлуге болады). Әр топқа орындалатын тапсырмаларды береміз. Үлгерімі жоғары оқушыларға – қиын, үлгерімі төмен оқушыларға – оңайырақ, үлгерімі орташа оқушыларға – орта қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды береміз. Әр оқушы өз дағдыларына сәйкес тапсырманы орындай отырып, олардың барлығы ағында болады. Үлгерімі жоғары оқушылар – жалықпайды, тапсырманы өздері орындағандықтан үлгерімі төмен оқушылар эмоционалды түрде көтеріледі. Келесі жолы олар қиынырақ тапсырманы орындайды.

Үлгерімі төмен оқушылардың тобына қысым тақырыбына шығармашылық тапсырма: «Адам шаңғымен жаңа жауған қардың үстіне шығып, сосын етікпен жаңа жауған қардың үстіне шықса не байқаймыз. Жауабыңызды негіздеңіз, содан кейін оны тәжірибе арқылы тексеріңіз».

Үлгерімі орташа оқушылардың тобына қысым тақырыбына шығармашылық тапсырма:

3-суретте мұз жарылып суға түсіп кеткен бала мен оның ағасы бейнеленген. Ағасының жанында адамды құтқаруға көмектесетін ешқандай құрал жоқ. Бірақ ағасы қиын жағдайда қалған інісін құтқаруға бел байлады. Сіз осы жағдайда болғаныңызда баланы қалай құтқарушы едіңіз? Өз жауабыңызды физикалық тұрғыдан түсіндіріңіз.



Сурет 3 – Мұз жарылып суға түсіп кеткен бала мен оның ағасы [3].

Үлгерімі жоғары оқушылардың тобына қысым тақырыбына шығармашылық тапсырма:

Шарды үрлеңіз және газдың қандай қасиеттері байқадыңыз. Неліктен ауа ағынын белгілі бір бағытқа бағыттай отырып, біз шарды бірден барлық бағытта үрлейміз? Неліктен барлық шарлар сфералық пішінге ие болмайды?

Шығармашылық тапсырмалар адамды өзі әлі зерттеп көрмеген жаңа шындыққа көшіреді, балалардың көкжиегін кеңейтеді, оны бір тапсырманы орындаудан екіншісін орындауға оңай көшу, басталған істі аяғына дейін жеткізу, жағдайдың өзгеруіне қарай шешім қабылдап, іскерлікпен әрекет жасау қабілетін сипаттайтын ілкімділік қабілетін дамытады. Басқаша айтқанда, олар тұлғаны өзгертіп, оны дамытады. Шығармашылық тапсырмалар оқушыға жаңа, бұрын соңды өзіне кездесіп көрмеген мәселелерді ұсынады және осы жаңа мәселелерді оқушыларға жүйелі түрде шешкізу оқушылардың бойындағы сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық ойлау дағдыларын дамытады. Бұл өз кезегінде адамның алған білімін қолдана алуын сипаттайтын функционалдық сауаттылық ұғымының

негізі болып табылады. Осылайша біздің жүргізген педагогикалық тәжірибеміз шығармашылық тапсырмалар оқушылардың 4К дағдыларын (сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық) дамытатыны және бұл өз кезегінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыратынын көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Студентке арналған нұсқаулық – «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015, 185 б.
2. Михай Чиксентмихайи. Поток: Психология оптимального переживания. <https://baguzin.ru/wp/mihaj-chiksentsmihaji-potok-psihologi/>
3. <https://ru.wikihow.com/%D1%81%D0%BF%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B8-%D1%87%D0%B5%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D0%BA%D0%B0,-%D0%BA%D0%BE%D1%82%D0%BE%D1%80%D1%8B%D0%B9-%D0%BF%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%BB%D1%81%D1%8F-%D0%BF%D0%BE%D0%B4-%D0%BB%D0%B5%D0%B4>